

❖ Күй – Ұран! ❖

Катты мұны – көктен түскен жасындаі,
Сырлы мұны – таудың тілсіз тасындаі,
Ашы мұны көздің кермек жасындаі
Қасіреті қос ішектен құйылған
Құбірлесе күллі дүние үйіған
Тәңіріне сиынғандай сиынған
Қазағымның, қазағымның күйлері-ай! –

деген Шемішбай ақын өлең жолдарына көз жүгірткенде, күйді тыңдамай жатып-ақ, түп тамыры қазақ даласымен тіндес, кіндікtes перзенттерінің жанын толғай тебірентіп, толқытқан шалқыған шабытқа елітіп жүре берері қақ. Алтын әуез, асыл ақық күйлеріміз қазағымыз түгілі бүкіл әлемді тамсантып, таң қалдырып тұрған жоқ па! Қазақтың түбі терең тылсым тарихы, тұрмыстіршілігі, ақжарқын көңілі, зіл басқан мұны, буырқанған ашу-ызасы, күйініші мен сүйініші, қуанышы мен сүйініші, сілемді сырлары, шалқар шабыты, қайсар қажыр-қайраты бәрі-бәрі домбыра пернесінде хаттаулы.

Қазағымның ғұмырына нәр берген де, азаптан арашалаған да, алдынан жарқыраған ай бол туып, алысқа шақырган да, асудан асырган да, жауға шапса семсеріне күш берген де аргы-бергідегі бар болмысының күре тамыры – құдіретті күй. Күйде ұлттық рух бар. Күй қазақтың өмір қазығы – ұлықты ұраны. Дарабоз дархан күйді де, күйшіні де өмірге келтірген, оған ұзақ өмір, мәңгілік мәнсәп, биік тұғыр берген де халық. Сондықтан күй халқымен бірге жасап, ғасырды ғасырға жалғап, өрелі өрімдерінен болашаққа бойтұмар тағып, өзі де өзіне табынғандармен бақылық ғұмыр кешуде. Күй бұлағының бастауын, күй теңізінің тамшысын, күй мұхитының түбін таппақ болған зерттеу жұмыстары уақыт алға жылжыған сайын тереңдеп бара жатыр. Ұлттың қадір-қасиетін ұлығылайтын осынша мұра қайда, қай халықта бар? “Ұлы тұлғаны уақыт аласарта алмайды” – деп белгілі жазушы, ғұламамыз Әбіш Кекілбаев айтқандай тек аты-жөнінің өзінен бірнеше жинақ шығатын күйшілеріміз бен олардың күйлерінің жәдігерлерін жадында сақтап, жақуттай жарқыратып бізге жеткізген халық және оның тума таланттары. Қазақтың дархан даласы ұлы күйшілерге кенде болмаған. Батысы мен шығысына, онғустігі мен солтүстігіне көз салсаныз, күйшілердің қалың дерегіне құлақ тұрсеңіз, әрлі де әсем әуезіне

қанығасыз. Тағдырдың талай тәперішін тартып, талқысын бастан кешірген халқымыз тұма таланттарының, қүйма құлақты күй ғұмыр перзенттерінің арқасында күй жүрегі тоқтамақ емес. Қүйге өмір берген де, беретін де, шежіре шырмауын шешетін де, пернеге тіл бітіретін де, тарихтың күй танымды тарауына таралғы тағатын да, абырой-атағын асыратын да – орындаушылар. Еңселі егеменді еліміздің өнернамасында ұлылардың ұлағатын ұққан, дарынды үрпагының қалың тобы арасынан алаш жұрты Қаршыға Ахмедияровтың күйлерін ерекше ілтипатпен қабылдап, биік өнерлі азаматын құрмет тұтады. Күй кәусарына қанық болған халқы: Заманның заңғар күйшісі, дұлдул, дара, Қүй-Қаршыға, Қазақтың Қаршығасы айдарын өздері таққан. Халық айтса қалт айтпайды. Осындай өрісті ой, білікті баға берген ақын, зерттеуші, тарихшы, өнертанушы ғалымдар еңбектеріндегі көмейден шыққан үндеріне құлақ тұрсек:

Белгілі жазушы – Баян Болатханова “Қазақтың Қаршығасы” деректі жинағында (А., 1996 ж. 58 б.). Күй сазы. Құмбірлеп құлаққа күй келеді. Қазақ күйі. Сылқым сазды, мың мақамды, нақышты, өрнекті күй. Қоңыр күйді бебеулеткен, боз інгендей боздатқан, жас құлынша қоңырау үнмен кісінеткен, мың сан жүректерде бірде ақ нөсер жаңбыр, айдынды шалқар көл тудырган, Асқар таудың мұзарт шыңдарына, сусыма құмның құпия шағылдарына тәнті еткен домбыра қолды қара торы жігіт кім деп таңқалар ма екенсіз. Ол – өзіңіздің, өзіміздің, қазақ күйінің Қаршығасы екені бүгінде дүйім елге мәшъүр емес пе. Кәдімгі Қаршыға қарапайым домбыраны дүние жүзіне мойындаған, асыл өнер арқылы жер жаһанға қазақ елін танытқан – “Қаршыға күйшісі” десе, Халық ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Фариза Оңғарсынова сонау 1957–58 жылдары Дина атындағы оркестрде домбырашы болып, Мәскеудегі Қазақ өнерінің онқұндықтеріне қатысқан, күйді тыңдалап қана қадірлемей, орындалап та қасиетін ұққан ақын, өз өлең жолдарында күйшіге өте жоғары теңеу бере білген.

Күй-Қаршыға

Кетпесе қаны ауысып,
Күй сазын Хан, қазы да тыңдар сірә!
Қанаты көк аспанды дара құшып,
Самғасын Күй-Қаршыға, –

деп басталып,

Шешердей дүниенің сан сұрагын,
Тыңдайсың таусылғандай жан шыдамың
Теңіз боп тебіренесің, төгілгенде,
Күйлері құйын саусақ Қаршығаның –
деп шарықтау шегіне өрлейді.

“Домбыра” өлеңінде:

Жан-жақтан құрсағанда белес бөгет
Еңсенді көтересің елес жебеп.
Ойлайсың осы жігіт күй Құдайы
Кәдімгі Құрманғазы емес пе деп! –

жырлаған Фариза ақын тек қана өз ой орамдарын емес, құлақ құрышы қана тыңдалап, күйшісін алқалаған алаш жұртының ыстық ықыласын, сүйіспеншілігін жазды. Эр ақын, әр күйші – өз қоғамының жаршысы, сондықтан да ол ерен тұлға.

Азулы ақын Хамаң да (Хамит Ергалиев) “Шабыт” өлеңінде:

Түлейтұғын осылай ер түлесе,
Жүре алмаған жұрт соған естілмесе, –
Әулие боп қала алған осындайлар
Өнерінің басына ел түнесе.

Киелінің ісі бар саусағында
Соны айтам саламат саусағымда
Бұның бәрін ойласам, тұратында
Орманымен бұлыңдалап тау, сағымда

Шапагатын шабыт мол тәксін делік!
Көпсінбелік, ағайын, көпсінбелік, –

деп күй күмбірі кекке өрлеген кеште көкірегінен суырып, жыр жолдарын сыйлаған екен. Күй киесі саусағына қонған күйшісін күй пайғамбары Құрманғазыға, күй әулиесіне теңеуі шыңды, ұлы өнерінің ғанибетінен, көкіректерінен жыр боп құйылды. Тектілер әр уақыт осылайша түгін түріп айта алған.

Көптің көнілі күйге елітіп, жан рахатын тапса, көкірегінен кесек-кесек шумақтарды дестелеген ақындарының сан лебізіне ие болған дараларымыз қай салада да аз болмаған. Біздің заманымыздың күй легіндегі қазақтың Қаршығасының аяқ алысы айырықша, самғауы биік.

Күйшілік өнердің екі асқары – күйшілік пен күй шығармашылық тізгінін мығым ұстаган, жіті меңгерген, күй тілін уақыт талабымен сайрата білген маман.

Бұл қасиет топырақтан дарып, ана сүтімен берілген. Күйші, қисашы, саятшы Ахмедияр қарт тәрбиесін тәу етіп, әке ұлағатын ұққан. Сондықтан да болар, өнер асуының аңғарында кез болған, күй тұсауын кескен халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ш. С. Қажғалиев: “Қаршыға консерваторияға түспей тұрганда дүлдүл домбырашы болатын. Бірақ кәсіби білім алу, жан-жақты музыка маманы болу – биік мақсат деген ақыл-кеңесімді қабыл алған, ол осылайша кәсіби өнерге, малдәрігерлік институтынан оқып жүрген кезінен бет бүрды. Міне, сол кезде Қаршығаны дәл танығаныммен қазақ өнеріне үлкен құбылыс, дара тұлға әкелдім деп айтсам мақтанғаным емес, халқымның перзенті ретінде абыройлы іс тындырдым деп есептеймін” – деген жүрек жарды ойын айтса, консерваторияда 7 жыл сабак берген ұстазы, Жоғары мектеп білім беру үздігі, профессор Қ. Мұхитов:

“Күй мен күйші туралы айтқан кезде Қаршығаны мақтап емес, Қаршыға арқылы мақтануымыз керек” – деп шәкіртінің ердің жасы елуге келген кешінде ақ көнілмен ақтарылып еді.

Қаршыға Ахмедияұлы заманымыздың бірегей болмысты, біртуар таланты. Қазақтың өзіндей, момақан домбырасының шанақ шалқарында еркін көсліп, күй кәусәрына еміренте, екі ішекті сал пернеге балқыта бауратқан Қаршығадай перзенті бар ұлттымыз бақытты. Бүкіл дүние жүзін тамсандырып, күй құдіретін мойындаатты. Америка еліне алғаш домбыраны таныстырган күйшінің сапары жайында бірге өнер көрсеткен халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтардың иегері, Еңбек ері Е. Серкебаев: “Біз бәріміз Еуропа мәдениетін қатар алып жүрген адамдармыз, Американдықтар бізді қабылдауын, қабылдайды гой. Ал, қазақ домбырасын тұңғыш таныстыруға бара жатқан Қаршығаның сапары не болар еken. Мәдениеті бөлек өзге жүрт қазақтың ұлттық аспабын қалай қарсы алар еken деп қобалжып келемін”, – деген ойын елге оралған соң – “Бәрімізден Қаршыға ерледі. Қазақтың қара домбырасының даңқы аспандады. Американдықтардың күйге елтігені сон-

шалық, ортамыздағы жалғыз дара күйшімізді сахнадан жібермей қойды” – деп ризашылықпен республикалық баспасөз бетінде бірнеше рет берген сұхбатында қайталаған болатын. Тек қана Америка емес, Франция, Англия, Германия, Жапония, Қытай, Филиппин, Норвегия, Италия, Чехословакия, Дания, Иран, Пәкстан, Түркия, Дания – бүкіл дүние жүзі күйші өнеріне сусындағы. Өнер өрге жүздіреді. Қазақстанның бар аймағының күйшілік мектебін барынша меңгерген осы асыл маржан, тылсым күйлердің бәрі радио, теледидарға жазылған. Бұрынғы өткен күй зәулімдерінің үн таспаларын жинақтап, компакт диск шығармақшы болып мұрағаттардан ізденгенімде анықтағыш бөлімдегі үн таспалардың көбінде Қаршыға Ахмедиярұлының орындаудындағы күйлер екен. Кейбір сирек орындалатын, болмаса өте шеберлікті керек ететін Махамбет, Құрмангазы, Дина күйлері тек қана осы орындауда кездесті. 10-ға тарта үлкен күйтабақ, жеке 1 үн таспа, 1 компакт диск, ал, әр түрлі орындаушылармен бірге бірнеше компакт диск, бірнеше үн таспалары шықты. Өткенмен бірге өшкендерді ойлап кейде бармағымызды тістеп жатамыз. Мынау күйші былай ойнады, олай дұрыс емес дейтін білгіштер де табылады. Тіпті біздің заманымызға жеткен Дина шешейдің өзі де күйшілік өнерін толық қалдыра алмаған. Бары бір бейне таспа ғана, қолы керемет еді дегеннен басқа ести алмай жүрміз. Құні кеше кеткен Сүгірден не қалды. Төлеген Момбеков болмаса, түгел бір мектеп құритьын еді. Үн таспаларға құлақ түріп, кейбір жұмбақтарының шешуін таба алмай әлі келеміз. Осы өкініш бізге үлкен сабак, бұл дәрменсіздік болашақта қайталанбауы керек. Қаршыға Ахмедиярұлы орындаушылық өнері терең танымдамалы, сан-қылы, жұмбақты үрдіс. “Талантты қадірлейік тірісінде” деп Қадыр ақын айтқандай. Адам өмірі пәни, бірақ өнер өрісі бақи. Барлық репертуары, төл туындылары әлі баспадан бірнеше рет жарық көруі керек. Бірақ бұл жансыз нота, нотаға түспейтін қанша құпия бар, сөз уыттымен ширыға түсетін қанша сыр бар. Ұзақ ғұмыр тілей жүре, сан-сұрақты жан-жақты зерттеу, зерделеу керек ететін гибраттамалы күйшілік мектебі ғажайыптарын қағаз бетіне түсіруге еңбек етіп келеміз. Осы ізденістердің тырнақ алдыларының бірі Қ. Ахмедияров репертуарындағы халық композиторлары күйлері енген “Табыну” жинағында күнделікті жұмыс бабында ой түрткі саударымызға алған жауап, түйіндерімізді қысқаша болса да бастау беріп, орындаушылық қағидаларынан ой терген едік.

1. Орындаушылық үрдісте сол қол саусақтарының пернеге басуында қанша түрлі мектеп, күй мазмұны, жалпы өмірде қанша тыныс, болмыс болса, соншалықты бояу бар. Соны таба білетін еп керек. Қимыл, жүрек сезімін ой айшығына қосу арқылы іске асады.

2. Барлық саусақ бірдей емес, бірақ пернеден шығарар дыбыс деңгейі бірдей болуы керек. Демек, бәрінің қызметі бірдей болуы шарт. Дыбыс теңдестігі осыдан шығады.

3. Айшықты иірімде, бүрма жымдастыруда күй ыңғайына байланысты дыбыс аралық тартылу заңдылығы бар, оны ести білу керек – бұл сирек кездесетін қасиет. Осы шарттан шыға білген орындаушыларды табиғи күйші деп атайды. Бұл үлкен де қомақты зерттеу тақырыбы. Осы орайда Дина шешейдің дыбыс табиғаты гажап дүние, жұмбақ құбылыс.

4. Сол саусақтары кестесінің аймақ аралық ерекшеліктері жеке ілім. Бұл заңдылықты әр домбырашы білуге міндettі. Толық меңгермейінше, құпиясын ашпайынша кемел күйші шығу екіталай. Орындаушы деңгейінің олақтығы да сондықтан.

5. Ал, оң қолға келетін болсақ, әр саусақтың өзіндік қажеті бар, әр буынның, домбыра мойнының, бет қақпағының аумағының қай шамадан қафудың дыбыс бояуы үшін қасиетін ажырата білген дұрыс.

6. Қағыс күшінің ішекке жанасу дәлдік заңдылығы бар.

7. Дыбыс күшін жобалауда оң шынтақты ашып, жабудың өзіндік реті бар.

8. Оң қолда жүретін әдемі қимылдар, қағыс түрлері қыын да қызықты үрдіс.

9. Күйдің мазмұны, уақыға желісіне байланысты аңызын, әңгімесін айтудың, болмаса қимылмен орындау кезінде дәлдеудің, жандандырудың маңызы зор (Бөгелек, Кербез керік, Теріс қақпай, Науай т. с. с.). Қазіргі видеоклип деп дырдай болғанды қазекең баяғыда-ақ қолданған ғой. Даналық деп осыны айтамыз.

10. Орындаушылық өнердің тобықтай түйіні екі қолдың жымдасқан үндестігінде, ойыңның жүректі серпіген сел сезімінің саусақ арқылы пернеге тіл бітіріп, домбыраны сөйлетуінде.

Осы жинақпен танысқаннан кейін, белгілі өнер зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы А. Сейдімбековтың 2001 жылы 19 қазанда “Егемен Қазақстан” газетінде “Қаршыға” атты мақаласы жарық көрді:

“Әуелі аялы жанарымен жиналған жүртишылықты бір шолып шығып, қозы қарын қоңыр домбырасын бауырына басып еді, дабыр-дұбыр сап тый-

ылып, шырттыныштық орнады. Сонсоң сол қолы домбыра мойнын қуалай беруі мүн екен оң қолы дүр сілкінгендей болды да, жанга жайлыш күй самалы есіп қоя берді.

Ананың әлдиімен құлакқа құйылған таныс ауез аспан астын кернеп кеткендей құдірет сарынга айналса немесе жөргек үстінде жүрекке сіңген етене жақын саз толысқан, тұлғаланған қалтымен бар болмысынды баурап алса не болар еді! Не болушы еді, алтыс екі тамырынды қуалай ағындаған балқаймақ күй алдымен сай-сүйегінді балқытады да, қиялынды қанатына ілестіріп жөнеледі. Жай ілестірмейді, тіршіліктің қүйкі-қүйбенінен біржолата арашалап, жан сарайынды, жұпарымен желтіп, етекке жабысқан қыл-қыбырдан ақ үыз гып аршып алып, өкініші жоқ сапар шектіреді. Беймәлім сапар емес, шиыр-шишмайы жоқ, құлық-сұмдығы жоқ, тығырақ-тайгақтан ада, армандаі ақ таң алдыннан рауандайды. Осы уақытқа дейін шалқалап қалған тасбақа сияқты тырбаныстан ат құйрығын біржола кесіп, қара үзесің де, осы уақытқа дейін тірліктің мәні, өмірдің сәні туралы санауды бүркеген буалдыр пердені оп-оңай сызырып тастайсың. Енді қыбырлаганның бәрін қара тұтып алданбай, мына жарық дүниенің дидарындағы асыл мен жасықтың ара жігін айырып, тек қана мәңгі жасар асылды тәу етіп, рухың асқақтап зенгір көкті кезіп кетеді.

Каршыға домбыра тартқанда күй өнерінің құдірет қасиеттері барша болмысымен жарқырай ашилып, тыңдаушысын тәнні етіп қана қоймайды, ол сонымен бірге адам мүмкіндігінің қиялдай керемет екеніне көзінді жеткізіп, қайран қалдырады. Тіптен, домбырашы ретінде ол көтерілген өре мен биіктікке енді қайтып басқа бір өнерпаз көтеріле алар ма екен, ол бойлаган тереніндік пен тұңғызыққа енді қайтып басқа бір күйкүмар бойлай алар ме екен деп те ойлайсың. Каршыға күйді қайталап тартуши емес, әр күйдің өз тағдырын жаңылмай ашип көрсетіп, әр күйдің өз болмысын тап басып таныта алатын суреткер. Ол тарратын күйлердің дүниеге келген заманына, туган ортасына, шығу тарихына мұқият ден қойып барып, күй табигатын жүргегіне сіңіріп, сол күйдің кейіпкеріне айналғанда гана жүртқа тыңдатады. Шикі, шала дүниені бопсалау оның табигатына жат” – десе, бұл танымды түйінді, өнердегі үзенгілес жолдасы Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері, профессор Айтқали Жайымовтың “Тарлан талант” атты мақаласынан да оқуға болады. “Каршығаның бойына біткен тамаша бір қасиеті атқаратын қызметінің қай саласында болсын оны тыңдырымыды да тыңғыльқыты атқарып, жеріне жеткізе діттеген биіктен көрінетіндігі. Жалты

Каршыға шыгармашылығын төрт бағытта қараган дұрыс. 1. Орындаушылығы. 2. Күй шыгармашылығы. 3. Ұстаздығы. 4. Зерттеушілігі”, – деп нағыз маман ретінде тұжырымдады.

Каршыға Ахмедиярұлы осы сындарлы да сан-салалы үлкен өнерге бабалар күй мұрасын зерттеп, іздеп, ерінбей еңбек етудің нәтижесінде жетті. Осылайша күйдің тәрбиелік мүмкіндігінің ашылуына оның формасын, тақырыбын, әдіс-амалдарын, тәсілдерін айна қатесіз дәл таба білді.

Дәлірек кейіптесек өнердегі ең қыын саланың бірі ғылыми-зерттеушілік жұмыс. Бұл арнада да алдыңғы буын Ахмет Жұбанов салған асы жолда атқарған еңбегі зор. Құрманғазы “Сары арқа”, Дәuletкерей “Жігер”, Махамбет “Шашақты найза – шалқар күй”, Дина “Әсем қоңыр” жинақтары, “Домбыра өнері” қақындағы, тағы басқа да зерттеу жұмыстары.

Жоғарыда аталған Құрманғазы “Сары Арқа” жинағында халқымыздың аса дарынды қызы Фаиза Жұбанова “Ұлы күйші және оның ізбасарлары” атты мақаласында Қ. Ахмедиярұлының біз жазып отырган сегіз қырлы қабілет-қасиетін нақтай түседі.

“Күй атасының дәстүрлі мектебінен шыққан сан-алуан балғын музыкантардан бастап ақсақалдарға дейін небір талантты күйшілерді атап шығуга әбден болады.

Ал, мені жинақтың құрастыруышысы әрі редакторы Каршыға Ахмедияров болғаны ерекше қуанышқа бөледі. Құдайға шүкір бізде этнографиялық жинақтар барылық. Олардың қай-қайсысы да сөз жоқ қазақтың күй өнері тарихына сом үлес қосады. Алайда шебер белді домбырашылар әзірлеген күйлер жинағы бүкіл халыққа қажет кітап болатынына дау жоқ. Ал егер Құрманғазы күйлері биік деңгейдегі күйши Каршыға Ахмедияровтың орындауы бойынша жеке кітап болып шығып жатса, бұл ондаган кәсіпқой күйшілерден бастап орындаушылық өнерге ден қойған музыкантардың барлығы да баға жетпес сыйлыққа кенеледі деген сөз. Эрине, назарларыңызға ұсынылып отырган кітап Каршығаның күйлер жинағын шыгарудагы алғашқы тырнақалдысы емес. Ол ұлы дауылпаз ақынымыз Махамбеттің, күй аласы Динаның тамаша күйлер жинағын жеке кітап етіп шыгарып, өнер сүйер қауымың алғысын алған. Каршыға өндеген күйлердің әр қайсысына шыгармашылық және орындаушылық талдау жасап, магынасын ашып береді” деген екен.

Асқан шебер орындаушы, ғылыми зерттеуші, тағылымды-ғибратнаманың иесі, танымды, улағатты ұстаздың тәлімін алған шәкірттері бүгінде әр

түрлі сайыс додаларында биқтен көрініп, өнер өрісінің бар саласында еңбек етуде. Олар: Халықаралық Құрманғазы, республикалық Дәuletкерей, Дина, Тәттімбет, Шабыт сайыстарының жүлдегерлері Мұрат Каримулдин, Ғалым Ахмедияров, Сәния Ерғалиева, Баян Игілікова, Салтанат Құдайбергенова, Айгүл Тінәлиева, Алдияр Шағдатов, Ақан Озғанбай, Ақбота Тұрымбетова, Қарлығаш Оспанова т. б. Тек қана өз класы емес, Домбыра кафедрасының менгерушісі ретінде бүкіл домбырашылар қауымына сінірген еңбегі ұланғайыр. Домбыра кафедрасында бірнеше бағдарламалар, жинақтарға ғылыми жетекшілік қызметі, жазған пікір пайымдарын былай қойғанда, сайыстар бағдарламалары, оларға тәрағалық жасап күй өнерінің болашағына қанат қаққан қарылғаштарының үясын сілтеп, тұлпарларының тұсауын кесіп келеді. Бірақ еш уақытта мен мынаны тындырдым деп көкірек қаққан емес. Әрдайым қоныр домбырадай қарапайым қалпында. Жер-ана зәулімдеріне қасиетті осылай дарытады-ау, сірә. Біз қалам тартқалы отырған бір қыры – күйшілер қауымына сирек берілетін күй шығармашылық қасиеті. Қ. Ахмедиярулын даралайтын бірден-бір құдірет осы.

Қазақстанның халық әртісі Б. Жұманиязов 1994 жылы шыққан Қ. Ахмедияровтың тырнақалды төл туындыларының “Атырау” атты шағын жинағына берген алғысөзінде:

“*Қ. Ахмедияров тек қана күйши емес, сонымен қатар ұлы күйшілеріміз Құрманғазы, Дәuletкерей, Тәттімбет, Дина сияқты алыптардың дәстүрін жаңа бояумен, жаңа үнмен бүкіл әлемге паш етіп отыр. Қарығаның өзі шығарған көптеген туындыларын (куйлерін) формалық құрылышы, сазы, ыргактық әр түрлілігі көнілге қонымды, күй жанрында өзіндік қолтаңбасы бар шығармалар деп бағалауга болады. Бұрынғы дәстүрді жалғастыра отырып, автордың бүгінгі күннің талабына сай тақырып тапқаны көніл қуантарлық. Әсіресе, тақырып тек өз жеріне, еліне арналумен қатар, жүрген, көрген елдерден алған әсерін өз шығармашылығының арқауы еткі негіз шығармашылық жәйтке тән қасиет деп білемін. Атап айтқанда, Ақжайық, Атырау, Нарын, Осака, Көк төбе деп ат қоюы дұрысырақ, әрі күйдің шабытты ыргагымен, дамуы атына сәйкес деп ойлаймын. Тагы бір айтатын жәйт, Қарыға өз күйлерінде халқымыздың Батыс, Шығыс, Оңтүстік, Арқа, Жетісу өңірлерінің күй тарту дәстүрлерін арқау еткені оның шығармашылығын нығайта түсіп отыр деуге әбден болады. Оның осы үлкен шеберлігімен, күй шығарудағы шығармашылық фантазияның мол екенін дәлелдей түседі.*

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, мұндай елеулі дүниелерді дер кезінде жариялад, халыққа таратқан жөн деп білемін”, – деген абзал аға тілегінің бірсынырасын орындаған сияқтымыз. Қаршыға Ахмедияұлы қыын да қуанышты, азапты да абыройлы үрдісте өз орнын ойып алған сазгер. Бірден дәстүрлі суырып салмалық әдіспен шыққан, үн таспаға жазылып, әлі құндағына енбекен туындыларын есептемегендеге, өмірге біте қайнасып енген күйлерінің бір тобын 1999 жылы “Дайк-Пресс” баспасынан қызыы Раушан екеуміз шығардық. Күй іштен жарып шығар адам жанының бір үзігі, ол барлық уақытта шалтты, қуанышты бола бермейтіні тағы әмбемізге аян. Композиторға күй шығар деп тапсырыспен қанағаттана алмайсың. Қ. Ахмедияұлы “Кейде бірден түгел шығып кетеді, кейде, бір бөлімі келіп қалады, шығарайын деп іздейтін, нәрсе емес. Қандай болғанда да әсер ететін бір түрткі болу керек” – деп ағынан жарылды.

2000 жылғы күйші жеке басында болған науқасына бүкіл ел болып дағдарды. “Елдің атын – ер шығарады” дейді қазақ. Қазақты бүкіл әлемге пашеткен күйшісіне кәрісі-жасы тәнірден сұраған ақ тілегін халқымыздың бір туар азаматы Иманғали Нұргалиұлы орындағы. Қытай еліне жіберіп емдектізіп, тұған еліне, халқына аман-есен 6 айда қауыштырды. “Табыну” және осы “Күй – Ұран” жинақтарының демеушісі болды. Қытай елінде болған 5–6 ай ішінде ел жүртyn сағынған сырласы да, қорғаушысы да, сиынары да, тірегі де қоңыр домбырасы болып 20-дан аса күй шығарды. Жоғарыда аталған “Шынар” жинағы осы сапар алдында күй жоралғы болса, ал “Табыну” жинағы оралғаннан соңғы сүйіншісі еді. Бұл жинаққа негізінен күйші бабаларымыздың Қаршығадай ізбасарларының репертуарындағы күй бәйтерегінен бүр жарған мәуелі күйлері мен Қытай сапарының 18 күйі енді.

Қ. Ахмедияұлының шығармашылығын зерделеп жүрген өнер танушы ретінде бірнеше мақала, екі жинақ құрастыра тұрсам да, түйінді тұжырымды, бағаны тағы да белгілі өнер зерттеушісі, ғалым А. Сейдімбековке берсек:

Ахмедияұлы Қаршығаның дәүлескер домбырашылығы күй өнерін канондық өреде туынданған алатын суреткерлігімен тікелей байланысты. Ол – күйші-композитор ретінде тыңнан жол салушы гана емес, барды биқтетуші, болғанның өмірін ұзартушы. Дәстүрді дамытушы. Иә, дәстүрдің жасы сабактастық. Әсіресе, өркені өсер өнер қашанда ілгеріде қалыптасқан ұлы дәстүрді үштап, сол ұлы дәстүрді бүгінмен сабактастырып, болашаққа аманат етеді. Яғни, өмірдің гана емес, өнердің де мәні мен сәні сабактастықта, Күйші-композитор Қаршыға бұл заңдылықты қалтқысыз түсінген және қапысыз игерген.

Каршыға күйлері ел мен мен жердің тағдыр-тарихына, өзі өмір сүрген заман мен қогамның қасиет-болмысына, сол заман мен қогамның тірек тұлғаларына арналып, автордың азаматтық кредитосын айгақтап отырады. Күйші сезімінен жасандылық сезілмейді, көнілінде көлеңке жоқ. Кол созған тақырыбына қон етін ойып бергендей болып, ақ уыз сырын ақырына дейін ақтарып отырады. Бұл – күй өнерінің киелі шартты, ғасырлар талғамында шындалған қасиетті дәстүрі. Каршыға да күйші-композитор ретінде киелі шартты бұлжытпайды, қасиетті дәстүрден аттамайды.

Каршығаның күйлерін тарту айрықша шеберлік-шалымды қажет етеді. Ол дәүлескер домбырашы болған соң да қазақтың күйшілік мектептеріндегі алушан нақыс пен аламан қазыстарды, шөлінді қандырар сарындар мен шерінді тарқатар саздарды өз шығармаларына үлгі-өнеге ете отырып, көсегесін көгерте құлтыртады. Оның күйлеріне байыппен ден қойған жан қазақ даласының әр өңіріне тән иірім-қайырымын жазбай таныр еді. Кейде таңдаған тақырыбының бақталайын ашу үшін тұтас күйшілік мектептер гана емес, сонымен бірге нақтылы өңірдің немесе нақтылы күйшінің қолтаңбасын тәу ететін кездері де бар. Мұндауда оның күйлері бірде Маңғыстаудың жорға нақыстарын (“Рашан гүлім”, “Адай Ақжелең”), келесіде төре тартыстарды (“Шот-Аман төре”), енді бірде Құрмангазының тегеуірінін (“Құрдастар”), тағы бірде түбек күйлерінің термешілдігін айқын аңғартып отырады.

Міне, осы қасиеттер Каршыға күйлерін тартудың талғам-талабын танытып қана қоймайды, сонымен бірге оның өзіндік дара қолтаңбасын да пайымдатады. Бұл ретте, Каршыға өнерінің ауқымдылығы мен суреткерлігінің терендігі соншалық, оның бойындағы бұла дарынды өзі туып-өскен бір гана Атырау алабымен шендерстіріп қарастыру жеткіліксіз. Суреткердің туып-өскен жері болады да, қалыптасқан ортасы болады. Ол исі қазақтың ұлы өнері – күйшіліктің барша жазықтығы мен терендігін еркін игерген, игерे отырып ілтері дамыта алған біртуар құбылыс”. Міне, А. Сейдімбекұлы осылайша күй мен күйші тарихына терең бойлаған. Қ. Ахмедиярұлы күйшілік мектебін Құрмангазы, Дәuletкерей, Тәттімбет, Дина, Қазанғап сынды зәулімдердің қатарына қояды. Орынды-ақ.

Күйді тыңдап қана емес, танып, оны халыққа өрнекті сөзбен жеткізетін мамандар барлығы қуантады. “Шынар”, “Табыну” жинақтарында өнертану ғылыминың кандидаты С. Өтегалиева Қ. Ахмедияров шығармашылығы қақында:

К. Ахмедияров таланты мен білімің тен түсестін арнасы – шыгармашылығы. Оның орындаушылығы мен күй шыгармашылығы арасындағы көзге көрінбейтін жұмбақ сабактастық шеберлікпен астасып, саз әлеміне өзіндік өрнек салады. *Айталақ,* оның шыгармалары техникалық жағынан өте күрделі әрі үшкыр келеді, сондықтан да мұндаï күйлерді тартуға орындау шеберлігі шындалған адам болмаса, екінің бірі тәуекел ете алмайды. Өйткені шыгармасының өн бойына иирыгу, сыршылдықпен, шабытпен үштасқан виртуоздық алапат күш қуат, серпін мен жігер жымдасып жатыр. Осыншама ерекшеліктеге музыка маманының жеке басындағы психологиялық негіздер, қызу қандылық, өткір мінез, жігерлілік, шапшаңдық, алғырлық пен ептілік тәрізді қасиеттер арқылы өрілсе керек. Сондықтан да *К. Ахмедияров шыгармашылығында* әсерлі, жалынды да жігерлі, екпінді тартылатын күйлер көп кездеседі. Сол арқылы автордың тапқырлығы, қиуластыруы, стильдік ерекшеліктері, шертпе, төкпе дәстүрлі еуропалық саз әлемінің иірімдерін жетік менгерген анық байқалады” – дейді. *Кай күйін алсаңыз да дәстүрді дәйектеген даңғыл жолдагы білікті маманың қолтаңбасы байқалады.* Қазіргі күй өнерінің бар қырын жіті менгерген күйші.

“Шынар” жинағының тұсау кесер концерттік кешінде көрнекті қоғам қайраткері, халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтардың иегері Еркеғали Рахмадиев: “Әкем осы жолдан тайма, *Каршығага қызмет еткенің бүкіл халыққа қызмет еткенің, өйткені ұлттымыздың мактандышы, қазіргі күйшілердің маңдай алдысы, Каршыға туралы жазылар еңбек әлі жетіп жатыр*” – деп ризашылықпен аталық, ағалық өсиетін айтқан болатын. Алдымыздың тұрған үлкен міндетті білеміз, қолға алғанымызға біраз уақыт болса да, баспадан жарық көрмей жүрген еңбектерге Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саналы саясаты қозғау болды, алға басты. Ұрпақтар бірлігі мен сабактастыры жылында “Шынар”, Мәдениетті қолдау жылында “Табыну” жарық көрді. Осы дүниелерді және Еліміздің тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған “Күй-Ұранды” алаш жүртінің біртуар ұлы И. Тасмагамбетов мырзаның тікелей башшылық, демеушілігі арқасында Асыл мұра қорына қостық. Осылайша *К. Ахмединұлында* Күйден Ұран тастаған дараларды ұлығылап елдік сипатымызды айқындаған түстік.

К. Сахарбайқызы,
домбыра кафедрасының доценті, күйші

Қ. Ахмедиәрұлының өмірбаяндық деректері

1946 жылды 25 наурызда Атырау облысы, Махамбет ауданы, Таңдай аулында туған.

1964 жылды Алматы молдәрігерлік институтында оқыды.

1965 жылды консерваторияға дайындық курсына және Құрманғазы атындағы оркестрге жұмысқа қабылданды.

1972 жылды консерваторияны бітірді.

1973 жылды домбырашылар тобының концертмейстері.

1977 жылдан консерватория ұстазы.

1981 жылды Қазақстанның еңбек сіздірген әртісі.

1982 жылды “Махамбет. Шашақты найза – шалқар күй” жинағы жарық көрді.

1982 жылды Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

1986–1988 жылдары Мәскеу қаласындағы Н. Осипов атындағы академиялық оркестрдің стажер-дирижері.

1992 жылды Қазақстанның халық әртісі.

1993 жылды профессор гылыми жоғары атағына ие болды.

1994 жылды “Атырау” күйлер жинағы (МГП “Принт”. ИФВЭ НАН РК).

1995 жылдан домбыра кафедрасының меңгерушісі.

1995 жылды жарық көрген “Құрманғазы. Сары Арқа” күйлер жинағының құрастырушысы, кейбір күйлерді редакциялап хаттады.

1996 жылды жеке үнтаспасы шықты.

1996 жылды – Дәuletкерей. “Жігер”.

1996 жылды – “Төремұрат” (үн таспа).

1997 жылды – “Дина. Эсем қоңыр”.

1999 жылды Парасат орденінің иегері.

1999 жылды – “Шынар” күйлер жинағы (Құраст. К. Сахарбаева).

2000 жылды Америкадан “Табыну” жеке компакт-дискісін шығарды.

2001 жылды Қазақ халқының аспаптық музыкасы. Компакт-диск (орындаушылармен бірге).

2001 жылды – “Табыну” күйлер жинағы (Құраст. К. Сахарбаева).

1973 жылдан бері 10-нан аса үлкен күй-табақ жаздырды.

1973 жылдан бері жазылған күйлер радио-телевизия мұрағатында сақтаулы.

Күй шығармашылығы қақында

♦ бірер сөз ♦

Замана заңғарларындағы қазақ ұлтының аспаптық өнерінің бастауы өте әріде. Ағы-бергідегі ғұламаларымыздың деректеріне сүйенсек, нақтыланған тұжырым жеткілікті, бірақ әлі анықтайтын жәйттер көп-ақ. Күй табиғатын танымдауда әліпті Қ. Жұбанов, А. Жұбанов қалдырған ғылымынан іздейміз. Сонан соң әріге үніліп, бәрін бағамдаймыз.

Күй дамуының тарихында әрбір күйші өз заманын, өз өмірін айнала қоршаған ортасын, күллі тыныс тіршілікте болатын бар құбылысты күй тақырыбына арқау етті. Қаршыға Ахмедияровтың күй тақырыбында сол жүйе сақталған, заманына қарай ауқымы кең, әр салалы. Күй тілінде кәсіби білімнің ізі, соны жаңалықтары, ізденістері баршылық. Ол жинаққа енген 62 тамырыныңды бойлар күйлерден көрініп тұр. Күйлердегі буыннан буынға өту, оны байланыстыру, екі қолдағы әсерлі бояулар, сиқырлы қимылдар, сан алуан қағыс жүйесі, күй оқиғасына байланысты дыбысты таратуы, оның ырғақтық сәйкестігі, аймақтық, стильдік ерекшеліктерді сақтай білуі, болмаса бір күйде жымдастыруы, күй композициясын туындағып, алған идея мен тақырыптың сюжетін аша білген. Ақжелеңдер, Толғаулар, Қосбасарлар, Байжұма, Мензер, Жыр күйлерін тыңдалап, Қазақстанның бар күйшілік мектебіне қанық боласыз. Күйлерді саралап көрелік:

1. “Атамекен” – туған елге деген сүйіспеншілік, сағыныштан ойға оралған күй. Үрғақтық, өлшемдік, иірімдік құрылымы түбек дәстүріне саяды. Ойлы табылған жүйе күйге тереңдік, биік тұлғалылық, айбынды, термелеп жырлай төгілетін қасиет береді.

2. “Атырау” – егемендік алып, өшкен жанып, жоғалған табылған кездерде Гурьев қаласының Атырау болып өзгергені туралы үкімет жарлығын ұшақта естіген күйші жүргегінен құдіретті әуез көк биігінде саулады, күйдің арынды, тегеурінді болуы да сенім мен қуаныш сілемдерінің қуатты көшкінінен болуы керек. Батыс Қазақстан күй дәстүрінің озық үлгілерінде шығарылған, нағыз шаттықты, қуанышты пайымдайтын бірегей туынды. Мәнерлі мәнімен, құлаққа жағымды әуенімен есте қалады. Өте шапшаң, оралымды оң қол қағыстарымен, сол қолдың епті қимылы мен ашық ішектерді тез екпінде сол қолды сыпирта сырғытып әрі буын, әрі ойды жалғастырады, әрі қуанышты сэтте адам баласы есі шығып жүргегі жарыла, қанат бітіп үшуға да дайын болады рой, осы бір, сезім жеткізу – сәтті шыққан.

3. “Ақ Жайық” – тұған жер даңқын, елдің атын шығарар ер тұлғасымен мадақтау. Сырым Датұлына арнау. Батырдың тұған өлкесіне деген аңсауы, ойы күйдің төге ойналатын болмысында өте сирек кездесетін қағыстар жүйесімен берілген. Мұндай қағыстармен иірімдерді, буындарды қабыстыру күйге жайықтың ағысындағы әсерлік бере, оның әуезін тыңдарман жүргегіне үялатады.

4. “Нарын” – Құрманғазы, Дәuletкереj, Дина, Исатай, Махамбет сынды асылдардың кіндік қаны тамған, кешегі солақай саясаттың сойқанынан ұлыдаланың атом бомбаларын жаратын аймаққа айналып, халқының азап шеккені күйші жаралы жүргегінің үні шанақтан күй боп аň ұрды. Үнсіз жалмауыз жегі құрттай білдіртпей мұжіді. Сол ұлылардың жалғасы, елін, жерін оның бар болмысын отты өлеңдерімен өрнектеген, “Тарлан ақын” Қ. Мырзалиевке арнау күй. Күйде осындағы келенсіздіктерді қай құдіретінің бетіне тіке қарап айтатын ақын толғанысын тебіренісін діттей өрнектеген. Сондықтан да автор күйге Құрманғазы “Кішкентайынан” қалған ыза-кектің булыққан мінез-құлқын беретін әуендейк жүйені алған. Мұңды, жан тебіренісінен ұлылар қасиетіне табыну арқылы, шуақты күндерге үміт арту, іштей қарсылық күй тілі қуатымен өрнектелген.

5. “Ногай” – Елбасының Мәдениетті қолдау жылында, бүкіл елдің на-зары, пейілі Атырау облысына ауды. Сол кездегі облыс әкімі И. Тасмағамбетов мырза аймақтың 360 жылдық тарихында болмаған игілікті істерді атқарды. Соның бірі Ногай ордасының астанасы атанып, XIII–XIV ғасырда қайта дәуірлеген Сарайшық қаласына ғалымдарымыз жазғанымен қазба күйінде жатқан, зерттеу жұмысы қолға алынып, құрамында ескерткіш пантеон, мешіт, мұражай кіретін Сарайшық қорығы бой көтерді. Тарихқа, шежіреге бойласақ ұзын сонар әңгіме, сондықтан тікелей күй мазмұнына көшсек, Қытай сапарының алдында Қ. Ахмедиярұлы ауруханада емделіп жатқанда, дәрігер ногай жігітімен кездеседі. Өз шығу тегін, тілін, ділін ұмытқан азаматқа қарап қынжылып, Атырауда бала кезінде әкесінен естіген, ногай күйі, әндерінің мақамын айтып беріп, өз тегіңді, түбінді ұмытпа деп ағалық ақылын айтқан екен. Осы сәттен көңілге оралған саз күйге арқау болды.

6. “Алтын ұя” – қоғамдағы әрбір адамның жанұясы – тұған елімен қатар, тарыдай бол кіріп, таудай бол шыққан алтын ұя мектебі, ат жалын тартып азамат болып жоғары білім алып, саналы да салауатты өмірге аттандырған алтын ордасы бары анық. Күй бұлағынан сусындаған, заңгар көкке күй қанатын қатайтып самғатқан оқу орны, өнердің қасиетті қара шаңырағының жарты ғасырлық тойында дүниеге келді. Жайма шуақ, ұлпа әуезді, секірмелі мінезі жоқ, бір қалыпты, құлаққа сіңімді, жан тербетер сазды күй. Алтын ұяға сай алтын әуез,

күйі бірге көбейіп, қазір Наурыз салтанатына, тіпті барлық деңгейдегі шараларда күллі орындаушылар іліп әкеткен концерттік күй. Күй бастан аяқ елпілдеген қуанышты, алға сүйреп орындалады. Домбырашыны сынар тұстары да жоқ емес – сахнаға шаттығын биік әуелетер күй.

14. “Абай толғау” – халқымыздың ұлы ойшылы, философы Абай Құнанбаевтың 150 жылдығына арнау. Терең ойлы, әуездік өрілуі Арқа стиліндегі, паң, байсалды күй.

15. “Хамаң толғау” – шалқар шабыт иесі Хамит Ерғали ақынның өмірі күйшілермен тығыз байланыста болды. Құрманғазы поэмасын, Құрманғазы операсының либреттосын жазды. Күй дегенде ішкен асын жерге қоятын өнерғұмыр жан еді. Тіпті өнерге қатысы бар адамдардың қазасында да күйшілерді жинап алып Көбік шашқаннан бастап күй ойнататынын көзіміз көрді. Бірі ақын аға, екіншісі күйші іні ретінде жақын сырлас ғұмыр кешті. Хамаң тағдырының тәлкекті сәттерін мұңғып талай айтып берген. X. Ерғалиев өзінің “Ғұмырнама” еңбегінде ақын, әнші, ел басқарған бабасы Қойыс жөнінде соны деректерді жекелей айта жүреді екен. Сол Хамаңның шабытының шалқар шағы мен тоғыз толғамының тоғысқан сәттерін өз жүрегіндей сезінген күйшінің туындысы өте сәтті шыққан. Күй туысымен орындаушылық өнер өріне самгады. Ақын толғанысынан басталып, кейін шабытты шалқыған шақта төгіле жөнелетін бөлімі, пернені қуалай құлдилап, биікке шапшитын тұстары домбырашының домбырашысы сүрінбей өтетін сын. Осы қалайы жоқ жас орындаушылар бірден іліп әкетті. Емтихан, концерттерде ұдайы орындалуы, күй өнерінің өміршеңдігі, шығарманың жолы болуы, тұсауы дұрыс кесілуі алғашқы орындаушыға да байланысты болса керек.

16. “Мағауия толғау” – Арқа болмаса шертпе мектебі дейміз. Тәттімбетті айтсақ заманымыздың бір туар күйшісі Мағауияны айтпау мүмкін емес. Әрі композитор, әрі шебер орындаушы, өнеріміздің ірі тұлғасы Мағауия Хамзинге тұған жері Балқаш елінде 2001 жылы ас берілді. “Бітер істің басына, жақсы келер қасына” дегендегі осындай үлкен шараларға демеуші бол, азаматтық абыроимен халқына қызмет етіп жүрген Амангелді Ермегиев осы асқа бір топ өнер адамдарын шақырды. “Артында бар оңалар” – деген халық мақалының ас беріліп, мектебі ашылып, халқы жоқтау салып еске алып жатқанымен, күйші жүрегін дір еткізген тағдыр тағылымдары, қайталанбас тұлғаның өмірде жоқтығы домбырасын қолға алғызды. Сан сұрақтар мазалап, Мағауия стилінде, мұңды, ауыр күй шыққан екен.

17. Ақжелендерден соң толғауларға кезек берсек – бұл күйлер легі де біршамаға жетеді. “Тұбек толғау” 362 әулиелі мың құпиялы – Маңғыстау елі, аты шулы күй зәулімдерінің самала сазды мамырлатқан жері. Күйді

нан айырмасын. Жер бетінде қанша жасқа келсе де, ана мейіріміне шуақтаған сәби жүректі адамзат баласы барда өмір жасампаз атаулыға жамандық жол берілмесі анық. Өз анасы Әмешті, З жасынан қалғанда мейріммен баурына басқан нағашы апасы Мұғипаны, Әбіш Кекілбайұлындаң ұлы тұлға тәрбиеlegen Айсөуледей асыл ананы, жас та болса белгілі қогам қайраткері, біртуар ұлға, Иманғали Нұргалиұлының аناсы – шежіре, шешен, ақыл-парасаттың иесі, елі қадірлекен Ділдә апайды, Алаштың абыройлы арқа сүйер азаматтары Амангелді, Мұрат Каримолдиндердегі ұлдар өсірген, ізгіліктің ілтипатты жолымен, айналасын үйіткен отырған Хамида апай сынды ардақты аналар бейнесін күй тілімен шебер сомдай білген. Құрылымы, тілі, ділі күрделі іріліктің символындаң шежірелі гибратнама.

21. Ақын Қиса – Қытай сапарынан елге оралғаннан соң болған концертте Қ. Ахмедиярұлы: “Маған шет жерде тән ауруынан гөрі жан ауруы қатты батты. Бұл құса деген қыын сырқат екен. Елдің тілін білмеймін, 6 ай бойы төрт қабырға, аурухана мен лабораториядан басқа баратын жер жоқ, бар сырымды домбырама айттым, күйіммен тілдестім, елге, сіздерге ауған аңсарымды пернеге жаздым. Сағыныштың ең үлкені ата-жүртты аңсау. Онда өткен абат жастық, асау арман, мөлдіреген тұнық самал сезімді, шуақты кездерді көз елес қылып, көніл жұбаттым. Осындай сәтте туған күй “Ақын Қиса”. Ақын Қиса Көпжанұлы кешегі өткен Мұрат, Шернияз, Бала Ораз, Махамбет сынды ақындардың жалғасы. Мұхит Бала Ораз деп ән салса, Қиса Мұхит деп ән салады екен. Экем Ахмедияр Қисаның қасына еріп ән салған, тойға, айтысқа түсіп ел аралаған адам. Мениң өнер мектебімді бастаған әкем. Қисаның кешкі әнінен ертеңгі әні мықты болушы еді деп әкем айтатуғын. Сол Ақын Қисаға ескерткіш”, – деп сағыныш сезімді, сөз сарбазы Қиса ақынның толғау жыры мақамымен күй төгілді.

22. Ғарифолла – күйлерді талдауды әрі қарай жалғастырсақ, аты да, заты да, тілі де, бар болмысы құйған мұсіндей шыға салған күй. Аспандағы аққуға үнін қосқан асыл Ғарекенің, әннің қайырмасын домбыраны жеп, иін қандыра, сыпырта ойнап, суырылып, әуелей жөнеліп, көк тәңірден қайта сұйладап құйылған қайталанбас бейнесі күй арқылы сезіледі. Күйдегі күрделі қағыс пен ырғактық өрнегі, үн үгар көкірегі бар тыңдарманның көз алдына қылқаламмен салған суретін емес, өзін әкеліп қоя қояды.

23. “Ғазиза” – жоқтау күйі, болмаса Реквием. Ғазиза апай қазақ қыздарынның ішінде европалық білімді бірегей шығармаларымен шығыс жұлдызы атанды. Классикалық музыка саласында шығарма жазып, ешбір баға жетпес құнды еңбектер қалдырды. Апай өмірінің соңғы сәттерінде жанында бірге болған күйші

